

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы
Караша 2025 жыл**

Қатысқандар:

- Білім беру ұйымы директоры Е.Қ.Сейіт
- Кеңес төрайымы: ардагер ұстаз Молдахметова Г.А.
- Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Н.Арыстан
- Ардагер ұстаз: Кожағалиева Б.З.
- Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Пірімбетова М.О.
- Қамқорлық кеңесі төрайымы: Сеитова Б.Г.

Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау (Кожағалиева Б.З.)
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика (Пірімбетова М.О.)
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті (Молдахметова Г.А.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі, ардагер ұстаз Кожағалиева Б.З.

Ұстаз – мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту кажет.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Пірімбетова М.О.

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық

Ұстаз ата-аналармен, оқушылармен және әріптестерімен қарым-қатынас барысында педагогикалық этика нормалары мен ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Қ.Аманбаева мессенджерлер мен чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым ережелеріне тоқталып, жалпы алқалық чаттарда жеке мәселелерді талқыламау керектігін ескертті. Сондай-ақ сөйлесу барысында этикалық нормаларды ұстануға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – мұғалім мен оқушы, ата-ана мен мұғалім арасындағы өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас. Педагогикалық этика ұжым ішінде басталып, сыныптағы тәрбие үдерісінде жалғасын табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың маңызды құралы.

Қорытынды сөз. Кеңес төрайымы: Молдахметова Г.А.

Құрметті кеңес мүшелері мен отырысқа қатысушылар! Бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесі қаралып, ұстаздардың педагогикалық әдебі мәселесі талқыланды. Ардагер ұстаз мұғалім тек білім беруші ғана емес, жас ұрпаққа үлгі болатын тұлға екенін атап өтті.

Мұғалім өз ісіне адал қарауға міндетті. Қазіргі уақытта кейбір педагогтерге қаржылық міндеттемелерді уақытылы орындамауына байланысты сот органдарынан хаттар келіп түсуде. Мұндай жағдайлар мұғалімнің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Осыған байланысты әр ұстазды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1. Қостанай қаласы білім бөлімінің №15 жалпы білім беретін мектебінің жанындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ережесі бекітілсін.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне ерекше назар аударылсын.
3. «Жас мамандар» бірлестігінің мүшелерімен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Молдахметова Г.А.
Жақсылық Б.Б.